

«Мөлдір» бөбекжай – бақшасы» МКҚК

**«Айгөлек» тобының 2021- 2022 оқу жылындағы
атқарылған оқу-тәрбие жұмысының
қорытынды есебі**

Тәрбиеші: Г.С. Жубаниязова
Ш.Т. Жақсылық
10.06.2022ж.

«Мөлдір» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
«Айгөлек» тобы тәрбиешілерінің
бір жылдық бойынша өткізілген жұмыстары
туралы
Есебі

Ізденіс тақырып: «Ойын арқылы балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту».

Мақсаты: Ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту, жаңа сөздерді меңгерту, үйреген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру, өмірлік оң көзқарастарға тәрбиелеу.

Міндеттері: балалардың тәрбиеші әрекетіне қызығушылығын іс жүзінде іске асыру үшін жағдай туғызу;

- баланың қызығушылығын туғызу;

- баланың белсенділігін арттыру;

- оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру. «Айгөлек» тобында 2021-2022 оқу жылы бойынша қыркүйек айында 19 баламен оқу жылын бастадық. Жыл соңында 17 баламен оқу жылын аяқтадым. Балалардың әлеуметтік жағдайы бойынша тобымызды көп балалы отбасылар саны – 5. Толық емес отбасы – 2. Тұл жетім – 1 бала.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасын орындау мақсатымен жылдық жоспардың міндеттерін жүзеге асыра отырып, осы балаларға жан -жақты білім беру көзделді. Әр ҰОҚде «Адалдық әліппесі» дидактикалық ойындар жинағын пайдаландық.

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға ойын арқылы тәй-тәй технологиясын және дәстүрден тыс жасалынатын технологиялар қолдана отырып, ой-өрісін ұсақ қол моторикасын дамыту.

2. Айналадағы адамдармен араласуға қабілеті көптілді тұлғаны тәрбиелеу үшін баланың қажетті коммуникативтік дағдыларын және тілдің грамматикалық жағын қалыптастыруды жалғастыру.

3. Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту барысында қауіпсіз мінез- құлық дағдыларын қалыптастырып, негізгі қимылдарға жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып, қимыл белсенділігін жетілдіру.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы, Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жұмыс істейді.

«Айголек» тобы 5 сала бойынша және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жұмыс жасады:

«Денсаулық»

«Қатынас»

«Таным»

«Шығармашылық»

«Әлеумет»

«Денсаулық» саласы соның ішінде **Дене шынықтыру** ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жыл бойы - 108 сағат өткізілді. Жыл басында балалар «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша; жүруді (тез, жылдам, аяқтың ұшымен, өкшемен, жүгіру) лақтыру, қағып алу, допты жерге оң қолмен және сол қолмен соғу, екі қолымен басына асыра лақтыру, сапқа тұру жаттығуларын (тік тұр, түзел), өрмелеуді, еңбектеуді, допты домалатуды біледі. Негізгі қимылдарды орындау ретін біледі. Бір-бірден, шеңберге қайта тұрады, саптағы өз орнын табады. Гигиеналық рәсімдерді орындау ретін біледі тәрбиеленушілер дене шынықтыру сабағында өздерінің жылдамдықтарымен, ептіліктерімен, көзге түсті, Дене шынықтыру сабағына қызығушылық танытты.

«Қатынас» саласы бойынша жыл көлеміндегі сағат саны – 90 Сөйлеуді дамыту ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жыл көлемінде - 36 сағат өткізілді. Балалар тілдегі барлық дыбыстарды дұрыс айтады. Заттарды, суреттерді қарастыруда 2-3 сөйлеммен өз ойын жеткізеді. Суретке қарап әңгіме құрастыра алады, сөздің басын естіп, сөздерді болжайды. Әдептілік сөздерін қолданады.

Көркем әдебиет ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жыл көлемінде -36 сағат өткізілді. Қысқа, қарапайым әңгімелер, өлеңдер, тақпақтарды тыңдап түсінеді. Шығарма кейіпкерлеріне жанашырлық танытып отырады. Жұмбақ, ертегі, тақпақтарды, жаңылтпаштарды ажырата алады.

Орыс тілі ҰОҚ бойынша жыл көлемінде - 18 сағат өткізілді. 1-5ке дейін орысша санауды жатқа біледі. Педагог жетекшілігімен айналасындағы заттар, жануарлар, құстар, көкөністер мен жемістерді т.б. сөздерді орысша айта алады.

«Таным» саласы бойына жыл көлеміндегі сағат саны – 90 **Математика негіздері** ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жыл көлемінде 36 сағат өткізілді. Тәрбиеленушілер кеңістікте бағдарлау: сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында, артында, жақын, арасында, қасында ұғымдарын меңгерді, 1 – 5ке дейін тура және кері санай алады, геометриялық пішіндерді (шеңбер, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажыратып, дұрыс

атайды. Заттарды салыстыра алады. Биік-аласа, ұзын-қысқа ұғымдарын меңгерді.

Құрастыру ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жыл көлемінде - 18 сағат өткізілді. Табиғи және жасанды материалдарды ажыратып, өз ойлары бойынша түрлі материалдардан құрастырып шыға алады. Үлгі бойынша құрастырады.

Жаратылыстану ҰОҚ бойынша жыл көлемінде -36 сағат өткізілді. Тірі және өлі табиғат объектілерін атайды және ажыратады. Ауа – райындағы және табиғаттағы маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыстар орната алады. Үй жануарларын және олардың төлдерін, үй құстарын атайды, кейбір жабайы аңдардың түрлерін біледі және атай алады. Қарапайым тәжірибеге қызығушылық пен әуестік танытады. Табиғатта өзін ұстаудың қарапайым ережесін біледі.

“Шығармашылық” саласы бойынша жыл көлеміндегі сағат саны – 126.

Музыка ҰОҚ бойынша жыл көлемінде -54 сағат өткізілді.

Сурет салу ҰОҚ бойынша жыл көлемінде - 36 сағат өткізілді. Сурет салу техникасын игерген, заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып салады, тәрбиеші көмегімен заттар мен жануарлардың пішінін бейнелейді. Сурет салуда қарапайым тазалық ережелерін меңгерген.

Мүсіндеу ҰОҚ бойынша жыл көлемінде - 18 сағат өткізілді. Түрлі пішіндегі және көлемдегі таныс заттарды түрлі тәсілдерді қолданып, мүсіндей алады.

Жапсыру ҰОҚ бойынша жыл көлемінде 18сағат өткізілді. Қайшыны дұрыс ұстап пайдалана алады. Қысқа және ұзын жолақтарды, дөңгелек пішіндерді қияды. Жеке бөліктерді жапсырады, желімді, сүлгіні қолдана алады.

“Әлеумет” білім беру саласыжыл көлеміндегі сағат саны – 18
Қоршаған ортамен танысу ҰОҚ бойынша жыл көлемінде 18 сағат өткізілді. Өзі туған елді мекенін, туған елін атайды. Мемлекеттік әнұранды біледі және оң қолын сол жақ кеуде тұсына қойып айтады. Бағдаршамның белгілерін ажырата алады.

2021-2022 жылдары отбасымен балабақша арасындағы тығыз байланыс, яғни екі жақта да оқыту мен тәрбиелеудің міндеттеріне кеңірек көңіл бөлінсе ғана жұмыстың жүретінін ата-аналарға айтып кеңестер беріп отырдым және ата-аналармен бірге «Тәрбиенің ең тамаша ортасы – Отбасы» атты тренинг өткіздім.

Жыл басында балалардың алған білімдері бақылауға алынды. Әр оқу қызметінде жаңадан енгізілген әдістемелік нұсқауларды пайдалана отырып, оқу қызметті жүйелі түрде өткізуге тырыстым.

Сюжеттік рөлдік ойындар: «Емхана», «Отбасы», «Дәріхана» құралдарымен дұрыс пайдаланып ойнады.

Дидактикалық ойындар: «Жыл мезгілдері», «Кімде не бар?», «Сиқырлы қалта», «Төлін тап», «Дүкен», «Не қайда мекендейді?», «Пішінін тап» т.б.

Оқу жылы көлемінде «Айгөлек» тобының балалары сайыстарға қатыса білді.

Тәрбиешілер «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы өткізген «Мектепке дейінгі жастағы балалардың оқу қызметін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері» тақырыбындағы оқыту семинарына қатыстық.

Білім Педагогикалық Шығармашылық Орталығы ұйымдастырған I Республикалық «Жас шебер – 2022» байқауына қатысып I дәрежелі Дипломмен Асылқан Жан, Әлтаева Аруна, Өтеғұл Асылым, Махамбет Жанайы марапатталды.

Мұғалжар аудандық шығармашылығын дамыту орталығы ұйымдастырған Отбасы күніне орай «Мен және менің отбасым» атты аудандық сурет байқауында Өтеғұл А. Аманкелді Е. Ід.д. Махмет Н. Сүйіншәлі Т. Қадірхан А. II д.д. Аманкелді Б. III дәрежелі дипломдармен марапатталды.

«Бала жылына» орай Мұғалжар аудандық шығармашылығын дамыту орталығы ұйымдастырған «Таңғажайып әлем» атты аудандық театралдық байқауында тәрбиеленушілер Қадірхан А. Өтеғұл А. Махамбет Ж. Панаева Қ. Сейілхан Д. III д.д. марапатталды.

«Бала жылына» орай Мұғалжар аудандық шығармашылығын дамыту орталығы ұйымдастырған «Би колейдоскоп – 2022» аудандық би байқауында тәрбиеленуші Қадірхан А. Ід.д. Махамбет Ж. III д.д. марапатталды.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығының тойлануына орай Мұғалжар аудандық шығармашылығын дамыту орталығы ұйымдастырған «Кішкентай Ханшайым мен Ханзада – 2021» атты аудандық байқауда Махамбет Ж. II д.д. Панаева Қ. Аманкелді Е. III д.д. марапатталды.

«Кішкентай Ханшайым – Ханзада 2021» атты облыстық қашықтықтан өткен сайысында Алғыс хатпен Қадірхан Айза мен Асылхан Жан марапатталды.

«Ұйымдастырылған ертеңгіліктер» Балалар мерекелік ойын-сауықтар мен кештерге қатысып өз өнерлерін көрсетуге: өлең оқуға, ән салуға, би билеуге, ойын ойнауға, ертегі кейіпкерлерін сомдауға қызығып қатысты.

Жыл бойы өткізілген іс-шаралар мен ертеңгіліктер:

1. «Алтын Күз», ертеңгілік,
2. «Менің тұңғыш елбасым!»
3. «Тәуелсіздік теңдігім – егеменді елдігім!»
4. «Қош келдің, Жаңа жыл!»
5. "Бағдаршам әлемі" тақырыбында іс-шара
6. «Сюжеттік рөлдік ойындар»:
7. «Алғыс күні»
8. «Жан Анашым»,
9. «Төрлет -Наурыз!»
10. «Бір шаңырақ астында»,
11. «Жеңісім – жемісім»
12. «Қош бол, балабақшам – бақ ұям!»
13. «1 маусым- Балаларды қорғау күні».

Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтері:

Денсаулық саласынан

Тақырыбы: «Кариб аралдарына саяхат»

Таным саласы бойынша Математиканегізінен

Тақырыбы: «Математика әлеміне саяхат»

Шығармашылық саласы бойынша Жапсыру

Тақырыбы: Шыршамызды әсемдейік

Шығармашылық саласы бойынша. Сурет салудан

Тақырыбы: Көктем гүлдері

Ата-аналармен жұмыс:

Бірінші ата-аналар жиналысы зум платформасы қашықтықтан өткізілді «Баланың бас ұстазы – ата – ана!» деген тақырыпта тәрбиешінің баяндамасын тыңдады. тамақ жарнасын уақытылы төленуін т.б. мәселер қаларды. Өз баласына үлгілі ата-ана болуға балабақша және тәрбиешімен тығыз байланыста болуға шешті.

Екінші ата-аналар жиналысы «Балалар тілін қалай дамытамыз?» деп аталады, ата – аналарға осы тақырыпта баяндама оқылды. Мекеме психологы мен бірлесе «Сіздің балаңыздың қызығушылығы?» деген тақырыпта сауалнама жүргізілді. Осындай жұмыс түрлері арқасында ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі артты, балабақша ұжымына деген сенімдік, құрметтеу белгілері жоғарылады.

Үшінші жиналыста «Тәлім тәрбие баспалдағы – балабақша» атты қорытынды жиналыс өткізіліп ата-аналарға әдіскердің есебі оқылды.

2021-2022 оқу жылындағы мекеменің айлық жоспарына сәйкес өткізілген іс – шарала тізімі.

Қыркүйек айы бойынша

1. 1-қыркүйек білім күні. Тақырыптық сабақ
2. Баланың бас ұстазы ата-ана. Қашықтықтан жиналыс
3. МДҰ балаларды үй жағдайында тәрбиелеп отырған отбасыларды айқындап және консультативтік пунктке шақыру. Ата – анамен байланыс

Қазан айы

1. Қарты бардың қазынасы бар. Тақырыптық кеш
2. Арайлы Алтын күз! Ертеңгілік
3. Күз жомарт. Көрме
4. Балабақша түлектері мектепте. Мектепке саяхат
5. Күз Ханшайым мен Ханзадасы.
6. Алақай Күз келді. Сурет байқауы.

Қараша айы

1. Күзгі жәрменке. Көкөністерден безендірілген бұйымдар
2. Ең үздік дамытушы орта. Дене шынықтыру бағыты.
3. Жолда жүру ережесі. Бұрыш
4. Жол қауіпсіздігін білейік, аман – есен жүрейік. Тақырыптық сабақ
5. Менің болашақ мектебім. Саяхат

Желтоқсан айы

1. Тәуелсіздік теңдігім – егеменді елдігім! Ертеңгілік
2. Қазақ халқының салт – дәстүрі мен әдеп – ғұрыптары. Сурет көрмесі
3. Тәуелсіздік тұғырым. Ата – аналармен көрме
4. Жаңа жылдық шыршалар. Қолөнер көрмесі.
5. Жаңа жылда жаңа жыр. Ертеңгілік
6. Деніміздің саулығы – күлімдеген жарқын жүзімізде. Спорттық сайыс

Қаңтар айы

1. Мені жас маман ретінде не толғандырады. Пед сұхбат
2. Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Кеңес
3. Алақай қыс келді! Көрме ата-аналармен, қызметкерлермен
4. Менің досым жасыл шам. сурет көрме
5. Топтарда заттық – дамыту ортасын құру бала дамуының көзі. Семинар практикум

Ақпан айы

1. Денсаулық зор байлық. Спорттық жарыс
2. Ертегілер еліне саяхат. Апталық

Наурыз айы

1. Балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Кеңес беру
2. Көктем келбеті. Қолөнер көрмесі
3. Гүлдер әлемінде. Қолөнер көрмесі
4. Қош келдің, өз – Наурыз! Ертеңгілік
5. Бала тілі бал. Қызықты газет
6. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдістері. Семинар (Шынар)
7. Шығармашылық апталығы. Апталық (шынар)

Сәуір айы

1. Спорт сенің серігің. Спорттық жарыс
2. Балалардың МД психологиялық – педагогикалық тұрғыдағы дайындық кеңес.
3. Театрлық қойылым арқылы балаларды ашық сұрақтармен сөйлеуге үйрету. кеңес беру
4. Ғарыш болу арманым. Ойын сауық
5. Ертегі тыңдай білейік. Сахналық қойылым
6. Бір шаңырақ астында. Ертеңгілік
7. От доспа әлде дұшпан ба! Көрме
8. Ғаламшар құпиялары. Ата – аналармен бірлескен көрме
9. Әлем – балалар көрмесі. Сурет көрмесі

Мамыр айы

1. Әкеммен өткізген бір күн. Бейнеролик (Шынар)
2. Ұлы жеңіске – 77 жыл. Сурет көрмесі ата – анамен. (Шынар)
3. Толағай отбасылық жарыс.
4. Денсаулығы сәбидің, қуанышы әр үйдің. Спорттық сайыс (Ш)
5. Педагог жетістігі. Өз білімін жетілдіру
6. Жеңісім – Жемісім. Ертеңгілік
7. Біз мектепке барамыз! Қоштасу кеші
8. Біздің сүйікті балабақшамыз! Фотокөрме
9. Біздің кітап. Қолдан дайындалған кітап көрмесі.

Тәрбиешінің қорытындысы: Балалармен жұмыс жасау барысында оқу жылы көлемінде алдыма қойған мақсатыма жету үшін бірқатар жұмыстар атқарылды. Балалармен жеке жұмыс жасау жоғарыда көрсетілген мақсаттарға жету үшін көзделді. Балалардың меңгерген және жеткілікті деңгейде меңгерген білім деңгейлері қорытынды білім деңгейіне сай бағаланды деп ойлаймын.

2021-2022 оқу жылына келесі мақсаттар мен міндеттер қойылды.

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің тілін дамытудың тиімді жолдары

Міндеттері: ҰОҚ жаңа технология әдістерін қолдана отырып, баланың білімі мен біліктілігін дамыту.

- Баланың жас ерекшелігіне сай интеллектуалды мүмкіндіктерін, білім, дағды, іскерлік деңгейлерін, ҰОҚ дайындық деңгейін көтеруге;

- Қабілеті жоғары және төмен балалармен саралау жұмыстарын іс жүзіне асыру, тәрбиеленушілерді тұлға ретінде қалыптастыру.

- дарынды, қабілетті балалардың шығармашылығын дамыту арқылы нәтижеге жету;

Баланы жеке тұлға ретінде тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына қол жеткізу. Балалармен жұмыс жасау барысында оқу жылы көлемінде алдыма қойған мақсатыма жету үшін бірқатар жұмыстар атқарылды. Балалармен жеке жұмыс жасау жоғарыда көрсетілген мақсаттарға жету үшін көзделді. Балалардың меңгерген және жеткілікті деңгейде меңгерген білім деңгейлері қорытынды білім деңгейіне сай бағаланды деп ойлаймын.

Қорыта келгенде, Егеменді еліміздің абыройын асқақтатар, өзінің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, елін сүйетін, Отанын қадірлейтін ұл-қыздарымыздың қатары аса түссін десек оларға өнегелі тәрбие мен білім берейік. Болашақта Қазақстанның көк байрағын желбірететін рухани азаматтарды тәрбиелейік.